

Елубай А., 2 курс магистранты

Куттыбаева Н.Б., доцент, PhD докторы

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қазақстан

АЙМАҚТАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

Кәсіпкерлік - ел экономикасының жандануы мен одан әрі қарай дамып, тұрақты өсуінің қамтамасыз етілуін іске қосушы тұтқасы ретінде бизнестің әр алуан түрлері мен ұйымдық нысандарынан тұратын нарықтық шаруашылықты қалыптастыру мен оның жұмыс істеуінде үлкен маңызға ие. Ол өзінің икемділігіне және өзгермелі нарықтық жағдайларға тез бейімделуіне байланысты теңдессіз артықшылықтарының негізінде нарықтық экономиканың мобильді және нәтижелі секторына, сонымен қатар маңызы құрылымдық және бәсекелестік нарықтық механизмнің маңызды интеграциялық элементіне жатады. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамыту салаларындағы кәсіпкерлікті дамытудың нәтижесінде ұсақ және орта сериялы өндірістер негізінде нарықты тауар және қызметтермен толтыру, жергілікті шикізат ресурстары мен өндіріс қалдықтарын кеңінен пайдалану, қоғамның "орта сыныбын" қалыптастыру және халықты жұмыспен қамту мақсатында қосымша еңбек салаларын және жұмыс орындарын көбейту мәселелері тез арада шешімін табады.

Кәсіпкерлік саласы Қазақстан Республикасының экономикасының дамуына орасан рөл атқаратыны мәлім. Еліміздің жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға көшуінің өзі, қоғам өмірінің барлық салаларына үлкен өзгерістер алып келді. Бүгінгі күні кәсіпкерлікті дамыту үшін жаңадан көптеген жағдайлар жасалынуда. Елдің жаңа экономикалық қатынастарға түсуі, оның

дамуының мықты инфрақұрылымын құру, әрине, кәсіпкерліктің дамуынсыз жүзеге асуы мүмкін емес.

Кәсіпкерліктің даму деңгейіне байланысты, артықшылықтар кешені, атап айтқанда нарық конъюктурасының өзгеруін тез сезіну, айналым қаржыларының жоғары айналымдылығы, халықтың қаржы ресурстарын шоғырландыру, прогрессивті жаңа идеяларды жүзеге асыру, мөлшері жағынан азғана алғашқы капиталды пайдалану, бәсекелестік ортаны құру, тұтынушыларға жақын орналасу, инновациялардың жартысынан көбін құру және тағы басқалары, көптеген өнеркәсібі дамыған елдер кәсіпкерлікке жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) негізгі бөлігін өндіруге, жұмыспен қамту проблемаларын шешуге, әлеуметтік шиеленісуді жоюға, ғылыми-техникалық прогрестің дамуына ықпал етуге, өнімді өндіруді және бюджетке түсетін төлемдерді ұлғайтуға мүмкіндік береді. Кәсіпкерлік қазіргі қоғамның саяси тұрақтылығының негізі – орташа топтың пайда болуына әлеуметтік-экономикалық алғышарттарды құрады.

Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға өтуімен байланысты барлық экономика салаларында басты ұйымдастырушы күш – кәсіпкерлер тобы өмірге келе бастады. Нарықтық экономика жағдайында экономикалық қызметтің, барлық экономиканың негізгі буыны – бұл кәсіпорындар. Міне, сондықтан да, бұл деңгейде қоғамға қажетті өнім өндіріліп, сапалы қызмет көрсетілуі тиіс. Бұған жағдайлар да жасалған. Өйткені кәсіпорында ең білікті мамандар жинақталады. Мұнда ресурстарды үнемдеп жұмсап, жоғары өнімді техника мен технологияларды қолдану мәселелері кең түрде шешіледі. Кәсіпорында өндірісті және өнімдерді сатуға немесе өткізуге кеткен шығындарды мейлінше азайтуға тырысады. Сол сияқты Бизнес – жоспарлар, маркетинг қолданылады, тиімді басқару жүйесі – менеджмент, есеп жүргізу – бухгалтерия іске араласады.

Мұның барлығы терең экономикалық білімді қажет етеді. Қазіргі нарықтық жағдайда тек мынадай ғана кәсіпорын өміршең бола алады, егерде ол нарықтық талабын аса сауаттылықпен және компоненттілікпен анықтайтын, сұраныс талабын қанағаттандыратын, өнімдерді өндіруді ұйымдастыратын

және білікті қызметкерлерге жоғары табыспен, ең сонында көп пайданы табуды қамтамасыз ете алатын болса, болашақта өндірісті жүргізуге маманданған экономистер үшін кәсіпорынның экономикалық негізін терең білгендері қажет.

Кәсіпкерлік шеберлік дегеніміз – бұл басқаларға әлі көріне қоймаған, көрінсе де не өте ерте, не өте кеш көрінген жерде кәсіпорын құру және дамыту мүмкіндігін бірінші болып көру.

Кәсіпкерлік процессінің үшінші қозғаушы күші – бұл қажетті қорлардың болуы. Қорларды басқаруды келесі көзқарасты ұстану ұсынылады. Шағын фирмалардың негізгі өндіріс қорларының үлкен бөлігінің сатып алуымен байланысты емес, ал жалға алуымен қамтамасыз етілетін ең аз мөлшердегі қорлармен жоғары нәтижелікке жету.


ШОБ секторының экспорттық әлеуетін дамыту үшін экспортты ілгерілету жөніндегі шаралардың белгілі бір топтамасы ұсынылады. Алайда, ірі нарықтардан қашықтығы жоғары логистикалық шығасыларға әкеп соғады және қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Экономикасы жаңа дамып отырған елдер үшін орта және шағын бизнесті жандандыру шешуші рөл атқарады. Кәсіпкерлік қызмет бұл елдер үшін дағдарыстан алып шығатын бірден-бір сара жол болып отыр. Оның аясында жалпы ішкі өнімнің үлес салмағын артып, экономикалық тұрғыдан жұмысқа жарамды тұрғындар жұмыспен қамтамасыз етіледі. Бұл индустриалды, дамыған экономикасы бар және өтпелі кезеңді басынан кешіріп отырған елдер экономикасы үшін тым жағымды көрініс. Ол бәсекелестікке сай келе алатын динамикалық диверсификациялық бағытта халықтың жұмыспен қамтамасыз етілуіне, оның әлеуметтік тұрмыс жағдайын көтеретін шын мәніндегі қуатты экономикаға жол ашады.


Кәсіпкерліктің даму деңгейіне байланысты, артықшылықтар кешені, атап айтқанда нарық конъюктурасының өзгеруін тез сезіну, айналым қаржыларының жоғары айналымдылығы, халықтың қаржы ресурстарын шоғырландыру, прогрессивті жаңа идеяларды жүзеге асыру, мөлшері жағынан азғана алғашқы капиталды пайдалану, бәсекелестік ортаны құру, тұтынушыларға жақын

орналасу, инновациялардың жартысынан көбін құру және тағы басқалары, көптеген өнеркәсібі дамыған елдер кәсіпкерлікке жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) негізгі бөлігін өндіруге, жұмыспен қамту проблемаларын шешуге, әлеуметтік шиеленісуді жоюға, ғылыми-техникалық прогресстің дамуына ықпал етуге, өнімді өндіруді және бюджетке түсетін төлемдерді ұлғайтуға мүмкіндік береді. Кәсіпкерлік қазіргі қоғамның саяси тұрақтылығының негізі – орташа топтың пайда болуына әлеуметтік-экономикалық алғышарттарды құрады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның аймақтарының ШОК секторының қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша рейтингтері келесі түрде қалыптасты: ШОК әрекет ететін субъектілерінің саны бойынша 2019 жылдың соңына дәстүрлі түрде Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстары, сондай-ақ Алматы және Астана қалалары көшбасшы орында. Жиынтықта бұл аймақтарға еліміздің барлық ШОК субъектілерінің 47% сәйкес келеді. ШОК әрекет етуші субъектілерінің неғұрлым аз саны Солтүстік Қазақстан, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарына сәйкес келеді.



өңірлер бойынша жұмыспен қамтылғандарды бөлу



Өңірлер бөлінісінде ШОК субъектілері қызметінің негізгі көрсеткіштері

Қазіргі уақытта облыста кәсіпкерлерге кешенді қызмет ұсынудың үш деңгейлі жүйе жұмысы ретке келтірілген: Қарағанды қаласының кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы, барлық моноқалаларда – 5,0 мыңнан астам адамға 13,3 мың кеңес берілген кәсіпкерлікті қолдау Орталықтары мен кәсіпкерлікті қолдау мобильді орталығы жұмыс істейді.

Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту арқылы индустриялық-инновациялық даму, жаңа жұмыс орындарын құру, халықтың әл-ауқатын арттыру, ішкі нарықты отандық өнімдермен қамтамасыз ету сияқты өзге де бірқатар маңызды мәселелер шешімін табатын болады. Бұл кәсіпкерліктің экономикадағы рөлінің жоғары екендігін, оны ұйымдастыру, дамыту мен қолдауға баса назар аудару қажеттігін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Сабден О. С. Управление малым предпринимательством: вопросы теории и практики: научное издание / Сабден, О.С., Токсанова, А.Н. - Астана: Елорда, 2011. - 307 с.
2. Елшібаева Р. Қ. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2013. - 217 б.
3. [Куратко, Д. Ф.](#) Предпринимательство: теория, процесс, практика: учебник / Дональд Ф. Куратко. - 10-е изд. - Нур-Султан; Алматы: Национальное бюро переводов, 2019. - 513 с.